

## БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ

## Бос уақытты тиімді пайдалану

ЖАРИЯЛАНДЫ  
18.11.2019СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/63323/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

№16 жалпы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Дүйсетаева Ақжарқын**Бөлім:** Бос уақытты тиімді пайдалану**Сабақтың тақырыбы:****Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** 5.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру**Сабақ мақсаттары:** **Барлық оқушылар орындай алады:**  
Жалпы сұрақтарға жауап бере алады;**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**  
Мәтін негізінде нақты сұрақтарға жауап бере алады;**Кейбір оқушылар орындай алады:**

Мәтінде көтерілген мәселе бойынша өз ойын нақты білдіре алады

**Бағалау критерийі**

1. Мәтін негізінде сұрақтарға жауап береді
2. Мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын еркін айтаалады.

**Тілдік мақсат:****Оқушылар орындай алады:**

Көтерілген мәселені анықтап, өз ойын білдіре алады, сұраққа жауап береді.

**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:**

Бос уақыт, кітап оқу, спортпен айналысу, үй шаруасымен айналысу, компьютерде отыру...

**Диалог құруға/шығарма жазуға/ арналған пайдалы тіркестер:**

Сурет салу, бос уақытты тиімді пайдалану, бас уақытқа мақсат қою...

**Талқылауға арналған сұрақтар:**

Бос уақыт дегенді қалай түсінесің?

Бос уақытыңда не істейсің?

Теледидар көру бос уақытқа жатады ма?

Кітап оқуды бос уақытқа жатқыза аласың ба?

**Не себепті кітап оқу бос уақыт емес деп ойлайсыз ?****Алдыңғы оқу:**

Кез-келген сұраққа жауап бере алады

**ЖОСПАР**

**Жоспарланған уақыт**  
**Сабақтың басы**  
**10 мин**

**Жоспарланған жаттығу түрлері****Ресурстар****Ұйымдастыру кезеңі**

Шаттық шеңберін құру «Менің көңіл-күйім» әдісі арқылы көңілді тілек айту.

**Топқа біріктіру. Стикерге әр топты аты жазылып, тарқытылады.**

1-топ Кітап оқитындар

2-топ Спортпен аналғысатындар

3-топ Теледидар көретіндер

**Үй тапсырмасы «Ұшақпен серуендеу» әдісі**

арқылы жүзеге асады...(Ұшаққа өткен тақырыпқа байланысты сұрақтар жазылады.... ұшақты ұшырғанда кімнің қасына қонса сол оқушы жауап береді)

түсті стикер

**Сабақтың ортасы****1-тапсырма... Топтық жұмыс.**

«Түймедақ» әдісі арқылы жүзеге асырылады. Ұсынылған мәтін негізінде сұрақтар құрастырып, дайындаған сұрақтарына жауап беріп, көтерілген мәселені анықтаңдар.

**Дескриптор**

- Мәтіннің мазмұнын түсінді;
- Мәтін негізінде сұрақ құрастыра алды; – Сұраққа нақты жауап берді;
- көтерілген мәселені анықтады.

Оқулық 5-сынып  
Қазақ тілі  
Х.Даулетбекова,  
Г.Қосымова  
«Атамұра» 2017ж  
Дәптер, қалам

**ҚБ. Топтар өзара бағалап, кері байланыс береді.****2- тапсырма \ белсенді тәсіл\ «Жылдам дебат» әдісі бойынша «Бос уақытыңда не істейсің?» деген сұраққа байланысты дебат жүргізіледі**

Оқушылар дайындаған жауабына байланысты дәлелмен пікір білдіреді....

Кесте, органайзерлер

**Дескриптор**

- Берілген сұрақтарға жауап таба алды;
- Өз ойын нақты айта алды;
- Мәселе шешімін дәлелдей алды

**ҚБ мақтау, мадақтау арқылы бағалау Кері байланыс алынады.****3-тапсырма «Кос күнделік» әдісі арқылы төменде берілген тапсырманы орында.**

Бос уақытыңда айналысатын жұмысың мен ұстанған мақсатың туралы күнделікті толтыр...

**Бос уақытымда не істеймін**      **Ұстанған мақсатым**

**Дескриптор**

- күнделікті дұрыс толтыра алды;
- ойды жүйелі білдірді.

**Қ.Б. «Екі жұлдыз, бір тілек»**

**Оқушылар бір-біріне кері байланыс береді**

**Сабақтың соңы** «Кубизм» әдісі арқылы кері байланыс  
**10 мин** жүзеге асырылады (6 сұрақ, 6 жауап  
 негізінде)

**Үйге тапсырма:** «Бос уақыт» тақырыбында эссе  
 жазу

### Қосымша ақпарат

**Саралау -оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз?**

**Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?**

Саралау сабақтың өң бойында жүргізіліп отырады. Сараланған тапсырмалар оқушылардың білім деңгейі мен қажеттілігіне қарай ұсынылады...  
 Саралап оқу әрбір оқушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес тапсырма мен әдіс-тәсілдерді іріктеп қолдану үдерісі, оқушыларды оқуға ынталандыруға, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға септігін тигізеді.

**Бағалау - Оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?**

Өзара бағалау....  
**«Екі жұлдыз, бір тілек»**

**Пәнаралық байланыс**  
**Денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылықтардағы байланыс (тәрбие элементтері)**

Әдебиет, алгебра, тарих..)

**Рефлексия**

Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?

Сабағымның соңында оқушылардан бүгінгі өтілген оқу жоспарына сәйкес рефлексия аламын.

**Жасыл түс «Мен толық түсіндім»**

**Қызыл түс, «Маған көмек қажет»**

**Сары түс «Мен түсінген сияқтымын»**

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.